

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 17-3 "2018-2020 жылдарға арналған Аққайың ауданының Тоқшын ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2018 жылғы 26 қыркүйектегі № 24-3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 қазанда № 4922 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Аққайың ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 17-3 "2018-2020 жылдарға арналған Аққайың ауданының Тоқшын ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4511 болып тіркелді, 2018 жылғы 29 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

"1. 2018-2020 жылдарға арналған Аққайың ауданының Тоқшын ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 23460 мың теңге:

салықтық түсімдер - 4130 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 767 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

трансферттер түсімі - 18563 мың теңге;

2) шығындар - 23460 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - 0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге:

қарыздар түсімі - 0 мың теңге;
 қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 0 мың теңге.";
 мынадай мазмұндағы 5-1 тармақпен толықтырылсын:

"5-1. 2018 жылға ауылдық округі бюджетіне аудандық бюджеттен берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер көлемі 2222 мың теңге сомада ескерілсін.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
 Аққайың ауданы
 мәслихатының
 XXIII сессиясының төрағасы
Солтүстік Қазақстан облысы
 Аққайың ауданы
 мәслихатының хатшысы

Қ. Құрманбаев

С. Мұқанов

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы
 мәслихатының 2018 жылғы 26 қыркүйектегі №
 24-3 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы
 мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №
 17-3 шешіміне 1-қосымша

2018 жылға арналған Аққайың ауданының Тоқшын ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы , мың теңге
			1) Кірістер	23 460
1			Салықтық түсімдер	4 130
	01		Табыс салығы	877
		2	Жеке табыс салығы	877
	04		Меншікке салынатын салықтар	3 253
		1	Мүлікке салынатын салықтар	13
		3	Жер салығы	524
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2 716
2			Салықтық емес түсімдер	767
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттер түсімі	18 563
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	18 563
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	18 563

Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы , мың теңге
			2) Шығындар	23460
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	13013,9
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	13013,9
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	12939,5
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	74,4
07			Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық	2084,1
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2084,1
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1034,1
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	50
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1000
12			Көлік және коммуникация	4189,8
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4189,8
		045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	4189,8
13			Басқалар	4172,2
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4172,2
		040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	4172,2
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
			Қарыздар түсімі	0
			Қарыздарды өтеу	0

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы , мың теңге
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК